

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің "Салық есептілігін жасау ережесін бекіту туралы" 2008 жылғы 25 желтоқсандағы N 611 және "Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау Ережелерін бекіту туралы" 2009 жылғы 24 желтоқсандағы N 574 бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2010 жылғы 26 ақпандағы N 89 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 5 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6110 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 5 тамыздағы № 820 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 05.08.2019 № 820 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 63-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Салық есептілігін жасау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 25 желтоқсандағы № 611 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5423 болып тіркелген, "Юридическая газета" газетінде 2008 жылғы 31 желтоқсанда № 197 (1597) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке табыс салығы және мүлік бойынша салық есептілігін (декларациясын) жасау ережесінде (230.00-нысан):

1) 23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Осы қосымша меншік құқығындағы мүлікті мәлімдеуге арналған.

Егер осы бөліммен өзгеше көзделмесе, бастапқы Декларацияны тапсыратын тұлға Декларацияны тапсырған кезде Декларацияны табыс ету айының бірінші күніндегі жағдай бойынша 230.03.001 бастап 230.03.010 дейінгі жолдар толтырылады.

Кезекті Декларацияны тапсыратын тұлға Декларацияны тапсырған кезде есепті салық кезеңінің 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 230.03.002, 230.03.006, 230.03.007 жолдар толтырылады.";

2) 24-тармақта:

1) тармақшадағы "сәтінде" деген сөз "күнінде" деген сөзге ауыстырылсын;
2) тармақша "ақша" деген сөздің алдында "Декларацияны тапсыру кезінде қолда бар" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы "есепті салық кезеңінен кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

8) тармақша "оның ішінде" деген сөздерден кейін "меншік құқығындағы бағалы қағаздардың" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 25-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"230.03.007 жолы жылжымайтын мүліктің орналасқан орны көрсетіле отырып, құқықтары және (немесе) мәмілелері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікті көрсетуге арналған."

2. "Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 24 желтоқсандағы № 574 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5997 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке табыс салығы және мүлік бойынша салық есептілігін (декларациясын) жасау ережесінде (230.00-нысан):

1) 23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Осы қосымша меншік құқығындағы мүлікті мәлімдеуге арналған.";

2) 24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Егер осы бөліммен өзгеше көзделмесе, бастапқы Декларацияны тапсыратын тұлға Декларацияны тапсырған кезде Декларацияны табыс ету айының бірінші күніндегі жағдай бойынша 230.03.001 бастап 230.03.010 дейінгі жолдар толтырылады.

Кезекті Декларацияны тапсыратын тұлға Декларацияны тапсырған кезде есепті салық кезеңінің 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 230.03.002, 230.03.006, 230.03.007 жолдар толтырылады.";

3) 25-тармақта:

1) тармақшадағы "сәтінде" деген сөз "күнінде" деген сөзге ауыстырылсын;
2) тармақша "ақша" деген сөздің алдында "Декларацияны тапсыру кезінде қолда бар" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы "есепті салық кезеңінен кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

8) тармақша "оның ішінде" деген сөздерден кейін "меншік құқығындағы бағалы қағаздардың" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 26-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"230.03.007 жолы жылжымайтын мүліктің орналасқан орны көрсетіле отырып , құқықтары мен (немесе) мәмілелері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік тіркелуге жататын мүлікті көрсетуге арналған."

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Ерғожин Д.Е.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2010 жыл үшін жеке табыс салығы және мүлік бойынша салық есептілігін (декларациясын) жасау және табыс ету салық міндеттемесіне қолданылатын осы бұйрықтың 2-тармағын қоспағанда, 2009 жыл үшін жеке табыс салығы және мүлік бойынша салық есептілігін (декларациясын) жасау және табыс ету салық міндеттемесіне қолданылады.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің м.а.

Б. Шолпанқұлов